

Акмола облысы, Целиноград ауданы

«Қажымұқан ауылы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Әлеуметтік педагогтің есебі 2024-2025 оқу жылы

Әлеуметтік педагогтің жұмысының негізгі мақсаты: жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, әлемді қабылдауды және оған бейімделуді жүзеге асыруға көмектесу. Оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Өскелең ұрпаққа заман талабына сай тәрбиелеу, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз отанына деген міндет-борышын атқаруға, оның гүлденіп, өркендеуіне атсалысуына үйрету, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету, табиғатты аялауға ықпал ету.

Міндеттері:

Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқушылығын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау.

Оқушыға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету.

Оқушы-жеке тұлға мен мектептің, отбасы, орта, әлеуметтік қызмет мамандарын, әкімшілік орындарды тікелей байланыстырушы.

Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларды қолдау мен көмек көрсетуде т.б. әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану.

Әлеуметтік инициативаны дамытуда, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған, мерекелік шаралар ұйымдастыру және оларды талдап, бекітуге қатысу.

Мектепте, отбасыда, және қоршаған әлеуметтік ортада білім алушы жеке тұлғанның қауіпсіздігі мен психологиялық үйлесімділігіне жағдай туғызуына ықпал ету.

Оқушының салауатты өмір салты үшін әлеуметтік ауытқушылық пен құқық бұзушылығының алдын алу.

Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет көрсету мамандарының, әкімшілік ұйым өкілдерінің өзара әрекетін үйлестіру.

Әлеуметтік педагогтің жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.



2024 жылдың 1 қыркүйегінен 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. /барлық ыстық тамақпен қамтылған оқушы саны 376. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі: Дулатова М.Е және әлеуметтік педагог: Оспанова Г.Д, Калшаева Р.Р және бракеражды комиссия мүшелері бақылап отырды.



Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, жартылай жетім, толық қамтылмаған балалардың және мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны -827. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 437 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 16 бала, жартылай жетім оқушылар саны 25 бала, өгей әке немесе өгей шешемен тұратын оқушы саны 7 оқушы. Мектептің, сыныптың әлеуметтік төлқұжатын жасау. Сыныптар бойынша деректер жинау.

09 қаңтар күні әлеуметтік педагог Оспанова Г.Д «Баланың құқықтары туралы Конвенция» тақырыбында 5-10 сынып аралығында тәрбие сағаттары мен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

15 қаңтар «Біз салауатты өмірді қолдаймыз»-СПИД ке , наркоманияға қарсымыз атты апталық ұйымдастырылды. Мектебіміздің кітапханашысы: Меделбекова Б.Н медбике: Булекбаева А.Е мектеп психологы Хасенова В.Ж әлеуметтік педагог Оспанова Г.Д ұйымдастыруымен 5-10 сыныптар аралығында пікірталас өткізіліп , бейнероликтер көрсетіліп , спид жайлы түсінік берілді.

2025 жылы қаңтар айынан бастап әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары бойынша , жұмыстар жүргізілді. 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен 376 оқушы қамтамасыз етілді. Жаппай білім беру бойынша 6 оқушы тамақтанады және мектеп асханасы «ИП Ж.Галиева» демеушілігімен жағдайы төмен, аз қамтылған отбасы балаларынан 15 оқушы тегін тамақтанады. Олардың күнделікті тамақ ішуі қадағаланып тұрды. Ай сайын тамақтанудың есебі жасалып, аудандық білім бөліміне жеткізіледі.



Мектебімізде «Мен және отбасым» тақырыбында әр сынып оқушыларының арасында түрлі жұмыстар жүргізілді. Олар мысалы сурет салу, шығарма жазу және әңгімелер айтылды.

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында іс-шара жоспары жасалынды. Ауылымыздың полиция қызметкері: Мухамедия Н келіп оқушылардың түнгі уақытта жүрмеуін және арнайы белгілі уақытта ғана жүруге болатыны, мопед, мотоциклы бар балалардың куәлігі болмаған жағдайда айыппұлды ата-анасының төлейтіні жайлы айтып берді.



5-10 сынып оқушылар арасында әңгіме - сұхбат жүргізілді. Онда қаралған мәселелер: 1. «Ата заңымызды ардақтайық» тақырыпта құқық пәні мұғалімі: Мырзаханова М.У баяндама оқыса, 2-ші мәселеде әлеуметтік педагог Калшаева Р.Р «Тәртіп бұзушы және қараусыз жасөспірімдерді жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы тәрбиені жандандыру» тақырыпта бейнебаян көрсетіліп, әңгіме жүргізді. Қатысқаны -110 оқушы. Құқық пәнінің мұғалімі М.У Мырзаханова оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы сөз сөйлеп өтті. Ақпан айында қолайсыз отбасыларды анықтау мақсатында рейд жұмыстары жүргізілді. 9- 10сынып оқушылары арасында мамандық таңдауға байланысты түрлі сауалнамалар жүргізілді. Әлеуметтік себептер бойынша сабақтарға балалардың келмеуінің алдын алу бойынша жұмыстар өткізілді. Ақпан айында сабақтан көп қалатын оқушыларды анықтап, сабаққа келмеу себептерін анықтау үшін, мектеп психологымен бірге үйіне барып, ата-анасымен кездесіп, сөйлестік.

2025 жылдың наурыз айында «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауаптылығы», «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» «Қауіпті ойындар» атты іс-шаралар өткізілді. 9 -10 сынып оқушыларының арасында дөңгелек үстел өткізілді. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыпта 9 сынып жетекшісі Байсарсенова Н.Ш «Өз заңым-өз арым» тақырыптарда заң туралы баяндамалар оқыды. «Жасөспірімдер




арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында ата-аналар мен оқушыларға «Болашағымызға байыпты тәрбие берейік» тақырыпта әлеуметтік педагог Оспанова Г.Д баяндама оқыды. Мектебімізден ақпан мен наурыз айында азқамтылған және көпбалалы отбасынан 30 оқушы Балқаш қаласындағы «Балдаурен» Республикалық оқу- сауықтыру орталығына барып демалып келді.



Сәуір айында салауатты өмір салты бойынша барлық оқушыларға әңгіме жүргізілді. Онда мектептің медбикесі Булекбаева А.Е «Туберкулез» -аса қауіпті індет екенін айтып өтсе, әлеуметтік педагог Калшаева Р.Р салауатты өмір салтын сақтау туралы бейнебаян көрсетіп, түсіндіріп өтті.

Сынып оқушылармен «Маған өмір қымбат», «Менің арманым» тақырыптарда тренингтер өткізілді. 5-11 сынып оқушыларынан мектеп психологы: Хасенова В.Ж «Стоп-Буллинг» сауалнама алынып, тренингтер жүргізілді.





Жоспар бойынша наурыз айында бастауыш сынып оқушыларына бастауыш сынып мұғалімдері «Баланы бастан» тақырыбында өнегелі тәрбие бойынша ауылымыздың ақсақалдары, ақ жаулықты әжелер келіп оқушылармен әңгіме өткізді.



Мектеп оқушыларының сабақтан тыс уақытында немесе кешкі уақытта көшеде жүрмеу, бала кпунісіздігін сақтау мақсатында мектеп тарапынан және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектормен бірлескен рейд жүргізіліп отырылды.



2024–2025 оқу жылында әлеуметтік педагог қызметінің негізгі мақсаты – оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды қолдау және қауіп-қатерге ұшырау деңгейін азайту – толықтай орындалды.

Алдағы 2025–2026 оқу жылында әлеуметтік жұмыс аясында келесі бағыттарға басымдық беріледі:

1. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату;
2. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытында жұмысты күшейту.

Әлеуметтік педагог: Оспанова Г.Д Калшаева Р.Р